Пайдаланбас бұрын аспапты дұрыс әрі қауіпсіз пайдалану бойынша маңызды ақпарат беретін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Аспапты тікелей арналуы бойынша қолданбаса және осы нұсқаулықта көрсетілген ережелер мен шарттар сақталмаса, сонымен қатар аспапты біліксіз жөндеу әрекеті жағдайында дайындаушы жауапты болмайды. «Сплит» типті ауа кондиционирлеу жүйесін (бұдан әрі - сплит жүйе) тек білікті мамандар ғана орнатуы керек.

**Өтінеміз, өздігіңізден орнатуға тырыспаңыз.
Біліксіз орнату аспаптың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе істеншығуына алып келуі мүмкін.**

1. Қауіпсіздік шаралары

Сіз сатып алған аспап Ресей Федерациясындағы ауа кондиционирлеу жүйелеріне қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардың пайда болуын, сонымен қатар аспаптың мерзімінен бұрын істен шығуын болдырмау үшін төменде келтірілген шарттарды қатаң сақтау керек:

- Паспорттық мәліметтерде көрсетілген ақпараттарға сәйкес дұрыс қуат көзін пайдаланыңыз, әйтпесе, аспаптың жұмысында тоқтап қалулар туындап немесе өрт пайда болуы мүмкін;
- Сіздің электр желіңіз міндетті түрде жерге тұйықталған болуы керек;
- Электр қуат беру ашасының ластануына жол бермеңіз. Үнемі ашаны электр желісінің розеткасына нық тығыңыз. Ашаның ластануы немесе нық тығылмауы себебінен жану немесе электр тоғымен зақымдану орын алуы мүмкін;
- Егер Сіз ұзақ уақыт аспапты қолданбасаңыз, қауіпсіздік мақсатында ашаны розеткадан суырыңыз;
- Аспап жұмыс жасап тұрғанда оны автоматты ажыратқышты қолдана отырып сөндіруге тырыспаңыз және ашаны розеткадан суырмаңыз. Ұшқын нәтижесінде өрт болуы мүмкін;
- Электр қорек беру ашасы розеткаға нық тығылуы керек. Әйтпесе, бұл электр тоғымен зақымдануға, қатты қызып кетуге және тіпті жануға алып келуі мүмкін.
- Желі бауысымын шатастырмаңыз, қыспаңыз және тартпаңыз. Ақауы бар желі баусымы электр тоғымен зақымдануға немесе өртке әкелуі мүмкін;
- Ұзартқыштарды пайдаланбаңыз және аспапты электр қуат көзін тұтынатын басқа құрылғылармен бірге розеткаға қоспаңыз;
- Аспаптың айналып тұрған қалақшасына тиіспеңіз. Оның жарақаттау қауіпі бар, сонымен қатар аспап бөлшектерінің зақымдануына алып келуі мүмкін;
- Аспаптың ішкі блогындағы батырмаларға ылғал қолмен жанаспаңыз;
- Ешқашан аспап жұмыс жасап тұрғанда оның корпусындағы саңылауға таяқ немесе басқа да бөгде заттарды салмаңыз. Бұл жарақаттауы немесе аспаптың істен шығуына алып келуі мүмкін;
- Аспаптың сыртқы немесе ішкі блогына ешқандай зат қоймаңыз (әсіресе, ішінде суы немесе басқа сұйықтық бар ыдыс);
- Аспапты сумен жумаңыз, бұл электрмен зақымдануға алып келуі мүмкін;
- Аспап пен ашық оты бар құралдар (газ плитасы және т.б.) бір уақытта жұмыс жасап тұрса, бөлмені үнемі желдетіңіз. Желдету жеткіліксіз болса, оттегінің тапшылығына алып келуі мүмкін;
- Газ жанарғысы мен плитаға ауа ағынының түсуіне жол бермеңіз;
- Ешқашан балалардың аспаппен жұмыс жасауына жол бермеңіз.

Сақ болыңыз!

Ақаулар пайда болса, алдымен қашықтан басқару пультінің (ҚБП) көмегімен сөндіріңіз, ал содан кейін оны электр желісінен ажыратыңыз;

Аспапты тікелей күн сәулесінің астына орнатпаңыз.

Ауа кіретін немесе шығатын саңылауларды бітемеңіз, ол салқындату немесе жылыту қабілетін төмендетуі және аспаптың істен шығуына алып келуі мүмкін.

Ұзақ уақыт салқын ауа ағынында тұру Сіздің физикалық күйіңіздің нашарлауына алып келеді де, денсаулығыңызда мәселелер туындайды.

Аспапты пайдаланған соң бөлмені желдетіңіз.

Аспап жұмыс жасап тұрған кезде терезелер мен есіктерді жабыңыз, олай болмаса салқындату және желдету қабілеті төмендейді.

Бұл аспапты ылғалдығы жоғары бөлмелерге, сонымен қатар агрессивті химиялық заттар буы бөлінетін жерлерге орнатуға болмайды!

Желі баусымы немесе аспаптың басқа түйіні зақымданған кезде оны тез арада электр желісінен ажыратыңыз да өндірушінің сервистік орталығына барыңыз.

Аспап құрылысына біліксіз араласқан жағдайда немесе осы нұсқаулықта көретілген аспапты пайдалану ережелерін сақтамаған жағдайда кепілдік жойылады

Назар аударыңыз!

Осы ауа кондиционирлеу жүйесі тек тұрмыстық мақсаттарда ғана қолданылады.
Аспап жұмысында төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда (ыстың иісі, бөгде шуыл және т.б.) тез арада оны электр желісінен ажыратыңыз.
Электр тоғымен зақымдану қаупі! Ешқашан аспапты өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз, бұл электр тоғымен зақымдануға алып келуі мүмкін.

2. Жиынтықтылығы

«Сплит» типті ауа
кондиционирлеу жүйесі:
сыртқы блок.....1 дана.
ішкі блок.....1 дана.

Ішкі блоктың
құрастыру панелі.....1 дана.

Қашықтан басқару
пульті (ҚБП) .....1 дана.


ҚБП арналған батарея .....2 дана.

Құрастыруға арналған
құралдар (қымтақ, қазмойын,
төсем, ағызу түтігі, 4
салмалы сомын, сәндік
пластикалық сақина).....1 жиынтық.

Пайдаланушы нұсқаулығы .....1 дана.

3. Аспаптың сипаттамасы

Аспап құрылысы




Ішкі блок

1. Беттік панель
2. Ауа сүзгісі
3. Қолмен іске қосу батырмасы
4. Жалюзи
5. Белгі қабылдағыш
6. Қуаттандыру баусымы
7. ҚБП
8. Дренаждық құбыршек
9. Салқындатқыш агент/Сұйықтыққа арналған түтік

Сыртқы блок

10. Кесу қақпақшасы
11. Ауа шығатын саңылау торы

Қашықтан басқару пульті



1. ON/OFF (Қосу/Өшіру) батырмасы
2. Mode (Жұмыс режимі) батырмасы
3. Temp ▲ (Жоғары температура) батырмасы
4. Flap (Көлденең жалюзи) батырмасы
5. Temp ▼ (Төмен температура) батырмасы
6. Display (Дисплей) батырмасы
7. Sleep (Ұйқы) батырмасы
8. Mute (Ең төменгі режим) батырмасы
9. Heat (Қыздыру) батырмасы
10. ECO батырмасы
11. Cold (Салқындату) батырмасы
12. Speed (Желдеткіш жылдамдығы) батырмасы
13. Swing (қол жетімсіз) батырмасы
14. Lock (Бұғаттау) батырмасы
15. Turbo (Турбо) батырмасы
16. Timer (Таймер) батырмасы

4. Аспапты басқару

Қолмен іске қосу қызметі

Егер қашықтан басқару пульті жоғалып қалса немесе батареясы отырса, онда Сіз қолмен іске қосу батырмасын пайдалана аласыз.

Ол үшін ішкі блоктың алдыңғы панелін абайлап көтеріңіз де қолмен іске қосу батырмасын (3) қысқа уақыт басыңыз. Сплит жүйе автоматты режимде (AUTO) жұмыс жасай бастайды. Қолмен іске қосу батырмасын қайтадан басса, аспап сөндіріледі.

ҚБП пайдалану

Сплит жүйені басқару үшін сымсыз инфрақызыл қашықтық пульт пайдаланылады.

ҚБП тиімді жұмыс жасау аймағы - 8 м шамасында. ҚБП қолданған кезде сәулелендіргішті сплит жүйенің қабылдағышы жағына бағыттаңыз. ҚБП мен аспаптың арасында ешқандай кедергі болмауы керек.

Екі батырманы бір уақытта басса, дұрыс жұмыс істемеуіне алып келеді.

Тікелей аспапқа жақын жерде сымсыз жабдықтарды (мысалы, ұялы телефон) қолданбаңыз. Бұл кедергі келтіреді. Кедергілер пайда болған кезде аспапты электр қуатынан ажыратыңыз. Біраз уақыт өткен соң аспапты қайта қосыңыз.

Тікелей күн сәулесі астында аспап ҚБП белгісін қабылдай алмауы мүмкін.

Қашықтан басқару пультін түсіріп алмаңыз және лақтырмаңыз.

ҚБП-ға су немесе шырын төкпеңіз, егер төксеңіз, суды жұмсақ матамен сүртіп алыңыз.

Қолданылған батареяларды осы аспап пайдаланылып отырған елдің күші бар заңнамасына сәкес кәдеге жарату керек.

ҚБП пайдалану

1. **ON/OFF** (ҚОСУ/ӨШІРУ) батырмасы
   ON/OFF батырмасын басқан кезде аспап қосылады. Қайтадан басқанда аспап сөнеді.
2. **MODE** (ЖҰМЫС РЕЖИМІ) батырмасы
   Бұл батырманы басу арқылы сплит жүйенің жұмыс режимін келесі рет бойынша таңдаңыз: АВТОМАТТЫ - САЛҚЫНДАТУ - ҚҰРҒАТУ - ҚЫЗДЫРУ - ЖЕЛДЕТУ АВТОМАТТЫ.
   ҚБП LED-дисплейінде сплит жүйенің жұмыс режимдерінің сәйкес индикациялық белгісі жанады.
   Ескерту:
   AUTO (АВТОМАТТЫ) режимі таңдалса, қойылған температура LED-дисплейде көрсетілмейді. Сплит жүйе пайдаланушы үшін ыңғайлы жағдай жасай отырып, бөлмедегі ауа температурасына байланысты автоматты түрде салқындату немесе қыздыру режимінде жұмыс жасайды.
3. **TEMP ▲** (Жоғары температура) батырмасы
   Берілген температура мәнін жоғарылатуға арналған.
4. **FLAP** (Көлденең жалюзи) батырмасы
   Көлденең жалюзидің қалпын Сізге қажетті бұрышқа сәйкес реттеуге және «Тербету» режимін қосуға арналған.
5. **TEMP ▼** (Төмен температура) батырмасы
   Берілген температура мәнін төмендетуге арналған.
6. **DISPLAY** (Дисплей) батырмасы
   Сплит жүйенің жұмысы барысында дисплейді қосады және сөндіреді.
7. **SLEEP** (Ұйқы) батырмасы
   Сплит жүйе қосулы болғанда ҚБП-дағы SLEEP батырмасын басыңыз, сплит жүйе «ҰЙҚЫ» режимінде жұмыс жасай бастайды. Ауа баптағыш төмен жылдамдықпен үрлеу режиміне көшеді. Үрлеу режимін өзгертуге болады. Бұл режимді өшіру үшін MODE немесе ON/OFF батырмасын басыңыз.
8. **MUTE** (Ең төменгі жылдамдық) батырмасы
   «ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖЫЛДАМДЫҚ» қызметін қосады және өшіреді. Бұл қызметті іске «ҚЫЗДЫРУ» режимін қосады.
10. **ECO** батырмасы
    Аспап жұмысының энергия үнемдеу режимін қосады және өшіреді.
    «САЛҚЫНДАТУ» режимінде ECO батырмасын басыңыз, сөйтіп сплит жүйе электр энергиясын өте аз тұтынатын үнемдегіш режимде жұмыс жасай бастайды.
11. **COLD** (Салқындату) батырмасы
    «САЛҚЫНДАТУ» режимін қосады.
12. **SPEED** (Жылдамдық) батырмасы
    Желдеткіштің айналу жылдамдығын реттеуге арналған.
    SPEED батырмасының жұмыс реті:
    3 - 2 - 1 - MUTE - 3 - 2 - 1 - MUTE...
    Ең төменгі жылдамдықты қосу үшін Для MUTE батырмасын басыңыз.
    TURBO батырмасын бассаңыз, желдеткіш ең жоғарғы жылдамдықта айнала бастайды.
    AUTO режимінде желдеткіш жылдамдығы автоматты түрде берілген температура мен бөлме температурасының айырмашылығына байланысты қойылады.
13. **SWING** батырмасы
    Бұл үлгі үшін қол жетімсіз.
14. **LOCK** (Бұғаттау) батырмасы.
    ҚБП батырмасын бұғаттайды және бұғаттаудан шығарады.
15. **TURBO** (Турбо) батырмасы.
    «ТУРБО» қызметін қосады және өшіреді. Бұл қызмет тек «САЛҚЫНДАТУ» және «ҚЫЗДЫРУ» режимдерінде қол жетімді, ал «АВТО» және «ҚҰРҒАТУ» режиміндерінде қол жетімсіз. Бұл қызметті іске қосқаннан кейін желдеткіш бөлмені қажетті температуға дейін салқындата немесе қыздыра отырып, ең жоғарғы жылдамдық бойынша айнала бастайды.
16. **TIMER** (Таймер) батырмасы.
    Сплит жүйенің автоматты қосылу және өшу уақытын реттейді. Уақыт орнату ауқымы – 1 сағаттан 24 сағатқа дейін.

Егер 5 секунд ішінде операцияларды жасамаса, бағдарлама автоматты түрде баптау режимінен шығып кетеді.
Сплит жүйенің жұмысы барысында режимді қосу үшін TIMER батырмасын басыңыз.
Уақыт орнату үшін TEMP ▲ және TEMP ▼. батымаларын басыңыз. Ескерту: қойылған таймерде ҚБП автоматты түрде салит-жүйенің ішкі блогына белгі береді. Сондықтан ҚБП белгі беру үшін кедергілер жоқ жерде тұруы керек.

Жұмыс тәртібі

- Салқындату немес қыздыру режимінде сплит жүйе берілген температураны ±1 °C дәлдікпен ұстап тұрады.
- Егер «САЛҚЫНДАТУ» режимінде берілген температура қоршаған орта температурасынан 1 °C жоғары болатын болса, онда сплит жүйе «ЖЕЛДЕТУ» режиміне ауысады.
- Егер «ҚЫЗДЫРУ» режимінде берілген температура қоршаған орта температурасынан 1 °C төмен болатын болса, онда сплит жүйе «ЖЕЛДЕТУ» режиміне ауысады.
- AUTO режимінде температура қолмен реттелмейді, аспап автоматты түрде ыңғайлы температураны 23±2 °C ұстап тұрады. Қоршаған орта температурасы +20 °C кезінде аспап автоматты түрде «ҚЫЗДЫРУ» режимінде жұмыс жасайды. +26 °C температурада «САЛҚЫНДАТУ» режимінде жұмыс жасайды.
- «ҰЙҚЫ» режимінде салқындату үшін жұмыс жасаса, бірінші сағаттан кейін қойылған температура автоматты түрде 1 °C жоғарылайды, екінші сағаттан кейін тағы 1 °C артады. Әрі қарай қойылған температура өзгеріссіз қалады.
- «ҰЙҚЫ» режимінде қыздыру үшін жұмыс жасаса, жұмыстың бірінші сағатынан кейін қойылған температура автоматты түрде 1 °C төмендейді, екінші сағаттан кейін тағы да 1 °C түседі. Әрі қарай қойылған температура өзгеріссіз қалады.

Батареяларды орнату және ауыстыру

ҚБП қуаттандыру үшін AAA типті батареялар қолданылады.
Қуаттандандыру элементтері бөлігінің қақпағын жылжытыңыз және батареяларды бөліктің қабырғасында көрсетілген «+» және «-» таңбаларына сәйкес салыңыз.
Батареяны ауыстыру үшін де осы операцияны орындаңыз.

Ескерту:
Ауыстырған кезде ескі немесе басқа типті батареяларды пайдаланбаңыз. Бұл ҚБП қалыпты жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.
Егер Сіз ҚБП-ны 1 айдан аса қолданбасаңыз, батареяларды ҚБП-дан алып тастаңыз, себебі олар ағып, ҚБП зақымдалуы мүмкін.
Құралды күнделікті пайдаланған жағдайда, қуаттандыру элементінің қызмет ету мерзімі 6 ай шамасында болады.
Қашықтан басқару пәрменін қабылдауды дыбыстық растау болмаса немесе белгі беру белгісі жоғалып кетсе, батареяларды ауыстырыңыз.

5. Техникалық қызмет көрсету және аспапты күту

Аспапқа қызмет көрсету алдында оны электр желісінен ажыратыңыз.

Ішкі блоктың алдыңғы панелін күту

Аспапты мұқият күту және уақтылы тазалау оның қызмет көрсету мерзімін ұзартады және электр энергиясын үнемдейді.
Аспапты тазалау кезінде келесі кеңестерге сүйеніңіз:
- Орнықты жерге тұрыңыз, әйтпесе, құлаған кезде аспапты зақымдап немесе өзіңізге жарақат алуыңыз мүмкін;
- алдыңғы панельді шешкен кезде жарақат алмау үшін корпустың металл бөлшектеріне тимеңіз;

- аспаптың алдыңғы панелін және қашықтан басқару пультін тазартқан кезде ластануды құрғақ сулықпен кетіру мүмкін болмаған жағдайда, ылғал сулықты пайдаланыңыз.

Ескерту:

1. Аспап пен ҚБП су астына қойып жумаңыз!
2. Тазалау үшін құрамында спирті бар сұйықтықтарды, бензин, май немесе өндеу құралдарын қолданбаңыз.
3. Алдыңғы панельдің бетіне қатты күш түсірмеңіз, бұл оның құлауына алып келуі мүмкін.
4. Аспап корпусы бетінің зақымдануының алдын алу мақсатында тазалау үшін қажайтын тазартқыш құралдарды немесе металл ысқыштарды пайдаланбаңыз.
5. Судың температура 45 °C аспауы керек. Бұл пластиктің өзгеруіне немесе түсінің өзгеруіне алып келуі мүмкін.

Ауа сүзгісін тазалау

1. Алдыңғы панельді тірелгенше көтеріңіз де ауа сүзгісінің шығып тұрған бөлігін көтеріп, оны суырып алыңыз.
2. Сүзгіні шаңсорғыш көмегімен тазалаңыз немесе сумен шайыңыз. Егер сүзгі қатты ластанған болса, оны жұмсақ жуғыш құралды қолдана отырып, жылы сумен жуыңыз. Сүзгіні қараңғы жерде мұқият кептіріңіз.
3. Сүзгіні орнына қойып, алдыңғы панельді жабыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

Маусым соңында

Келесі әрекеттерді орындау керек:

- сплит жүйені «ЖЕЛДЕТУ» режимінде ұзақ уақытқа қосыңыз;
- осыдан кейін аспапты желіден ажыратыңыз;
- ауа сүзгісін тазартыңыз;
- ішкі және сыртқы блоктарды жұмсақ құрғақ сулықпен сүртіңіз;
- ҚБП-дан батареяларды алыңыз.

Маусым басында

Келесі әрекеттерді орындау керек:

- сыртқы және ішкі блоктардағы ауа жинайтын және шығаратын жерлерінің бітелмегеніне көз жеткізіңіз;

5. Техникалық қызмет көрсету және аспапты күту


- Жабдықты орнату алдында осы нұсқаулықпен егжей-тегжейлі танысуға кеңес беріледі.
- Орнату бойынша жұмыстарды электр қондырғыларын орнату қағидаларына (ЭҚОҚ) сәйкес тек білікті уәкілетті тұлға жүргізуі керек.
- Сплит жүйе сенімді түрде жерге тұйықталған болуы керек.
- Сплит жүйені қоспас бұрын түтіктер мен сымдардың байланысуын мұқият тексеріңіз.
- Аспапты кір жуу немесе жуынатын бөлмеге орнатуға болмайды.
- Электр қуаттандыру ашасы аспапты орнатқан соң қол жетімді болуы керек.
- Сплит жүйені құрастырған кезде жеткізу жиынтығына кірмейтін бөлшектер қажет болуы мүмкін. Мұндай бөлшектерді өзіңіз сатып аласыз.

Ішкі блоктың орналасуы

- Жылу көздерінен, оңай тұтанғыш газдардан және түтіннен алыста.
- Жақсы желдетілген жерде.
- Сымсыз жабдықтан (мысалы, телевизор, радио және т.б.) кем дегенде 1 м қашықтықта.
- Ішкі блокты сплит жүйенің салмағын ұстап тұра алатын және аспаптың жұмысы барысында шуылдың ұлғаюына алып келмейтін қабырғаға бекіту керек.
- Ішкі блок пен еден арасындағы қашықтық 2м артық болуы керек.
- 1-суретте көрсетілгендей орнатуға арналған қашықтықты тексеріңіз.
- Ішкі блоктың артқы панелі мүмкіндігінше қабырғаға жақын орналасуы керек.


Сыртқы блоктың орналасуы

- сыртқы блокта тот басу мен коррозияның жоқтығына көз жеткізіңіз;
- ауа сүзгісінің тазартылғанына көз жеткізіңіз;
- аспапты желіге қосыңыз;
- батареяларды ҚБП-ға салыңыз.
- Жылу көздерінен, оңай тұтанғыш газдардан және түтіннен алыста.
- Жақсы желдетілген, жаңбырдан, қардан және тікелей сәулелерден қорғалған жерде.
- Дұрыс құрылған блок айналасындағыларға дренаж тұрбасынан ағатын судың дыбысымен және шуылымен кедергі туғызбайды.
- Сыртқы блокқа әрі қарай қызмет көрсетуді оңайлату үшін, оны қол жететін орынға орнатады.
- Сыртқы блокты шуды немесе дірілді көбейтпейтін берік және сенімді іргетасқа орнатады.
- Салқындатудың жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін құралдың алдыңғы, артқы, сол және оң жақтары ашық, қысылмаған болуы тиіс, осыған көз жеткізіңіз.
- 1-суретте көрсетілгендей, құрылғы қашықтығын тексеріңіз.



Биіктіктердің айырмасы

Ішкі және сыртқы блоктар деңгейлерінің (биіктіктердің) айырмасы 5 метрден аспайтынына көз жеткізіңіз (2-сурет).
Егер тұрбаларының тартылу ұзындығы 4 м асатын, алайда 10 м кем болса, 1-кестеге сәйкес салқындатқыш агент қосу қажет.



2-сурет

1–кесте


Тұрбаның мин. ұзындығы (м)	Салқындатқыш агентті қосымша толтырмағандағы тұрбаның рұқсат етілетін ең үлкен ұзындығы (м)	Тұрбаның рұқсат етілген шекті ұзындығы (м)	Ішкі және сыртқы блоктар арасындағы рұқсат етілген шекті биіктік (м)	Қосымша салқындатқыш агент мөлшері (г/м)	
				< 12000 БТЕ	> 18000 БТЕ
2	5	модельдер: 7-12 - 20 метр, 18-30 - 25 метр	модельдер: 7-12 - 8 метр, 18-30 - 10 метр	20	30

Монтаждық плитаны орнату


Ішкі блоктың металл монтаждық панелін қабырғаға 3-суретке сәйкес орналастырыңыз.
Монтаждық панельді қабырғаға дұрыстап бекіту үшін бекітуге арналған саңылаулар саны 5-ден кем болмауы тиіс. Монтаждық панель көлденеңінен тегіс қойылуы тиіс. 4-суретте көрсетілгендей қабырғаға саңылау тесіңіз. Диаметрі 70 мм саңылау аздап сыртқа қарай еңкіштеу болуы тиіс.
ПВХ жасалған түтікті шағын бұрышпен қабырға қалыңдығынан аздап қысқалау етіп кесіп алып, оны саңылауға енгізіңіз (4-сурет).



3-сурет



4-сурет




5-сурет

Ішкі блокты орнату

Монтаждық тұрбаларды ішкі блоктан әр түрлі жағынан 6-суретте көрсетілгендей етіп шығаруға болады. Өзіңізге лайықты жағын таңдаңыз.

Тұрбаларды оң жағынан жалғау
Шассидің төменгі бөлігінен құбыршекті суырып алып, дренаждық тұрбаны жалғаңыз. Құбыршек қосылысын сенімді түрде бекітіңіз. Сигнал сымын ішкі блокқа жалғаңыз (қуаттандыру көзін жалғамаңыз).
Жалғастырғыш тұрбаларды, кабельді, дренаждық құбыршекті 6-суретте көрсетілгендей орналастырып, содан соң дренаждық құбыршекті ағызу саңылауының құбыршегіне жалғаңыз. Дренаждық құбыршекті көлбеу орналастырыңыз (төмен қарай).
Жалғағыш тұрбаларды, кабельдерді және дренаждық құбыршекті винил таспамен бірге бекітіңіз (5-сурет). Дренаждық тұрба мен жер арасындағы кеңістік жеткілікті болуын қамтамасыз етіңіз. Дренаждық тұрбаны суға немесе орға қоймаңыз.




6-сурет

Тұрбаларды сол жағынан жалғау
Шығару түтігін сол жағына ығыстырып, қақпақты оң жағынан алып тастаңыз. Тұрбаны ішкі блоктың ойығына бекіткіш қысқыш көмегімен бекітіңіз. Монтаждаудың келесі кезеңдері алдыңғы тармақтағыдай.


Ескертпе
Ішкі блокты монтаждық пластинаға іліп, оның пластина ортасына орналасқандығына көз жеткізіңіз.

Ішкі блокты монтаждық пластинаның сол және оң жақтарына ілмектер ойыққа мықтап кіргенше (сырт еткенше) ығыстырыңыз.




8-сурет

Монтаждық раманың сенімділігін үнемі тексеріп тұрыңыз.



9-сурет

Сыртқы блокты орнату



7-сурет


Егер сыртқы блокты орнату үшін кронштейндер талап етілетін болса, оларды өз бетіңізбен сатып алыңыз (9-сурет).

Монтаждық раманы және тіреуді жинаңыз. Сол және оң жақ тіреулерді орнату орнын анықтаңыз. Сол және оң жақ тіреулер бір деңгейде болуына көз жеткізіңіз. Сплит-жүйенің тіреулерінің өлшемдеріне сәйкес қабырғада 6 немесе одан көп саңылау тесіңіз.

Монтаждық раманы қабырғаға бекітіңіз. Сыртқы блокты 4 болттың көмегімен монтаждық кронштейндерге бекітіңіз. Болаттың ұсынылған қалыңдығы -2 мм-ден кем емес.

Сыртқы блокты құлап қалмауы үшін тростың көмегімен іліп қою керек. Орнату және жөндеу кезінде құрал-саймандар мен компоненттер құлаудан қорғалуы тиіс.

Тұрбаларды жалғау



10-сурет


1. Сыртқы блок клапанының қақпағын алыңыз.
2. Гайканы бұранданың ортасына келтіріп, гайканы қолмен қатты бұраңыз.
3. Гайканы торсиондық кілтпен сырт еткенше қатты бұраңыз (10-сурет).
4. Түтікті жалғау үшін торсиондық гайкалы кілтті пайдалану қажет. Кәдімгі гайкалы кілтті пайдалану бұрандалы қосылыстың бүлінуіне алып келуі мүмкін. Қажетті бұрау күшін таңдау үшін 2-кестедегі деректерді пайдаланыңыз.
5. Тұрбаның иілу радиусы тым кішкентай болмауы тиіс, әйтпесе тұрба сынып қалуы мүмкін, сондықтан қызмет көрсетуші персонал түтікті ию үшін тұрба игішті пайдалануы тиіс.
6. Тұрбаға су, шаң-тозаң немесе құм түсуіне жол бермеңіз.

2–кесте

Тұрба өлшемі, (мм)	**Айналу моменті,** (N. м)
φ 6.35 (1/4")	15~20
φ 9.52 (3/8")	31~35
φ 12.7 (1/2")	45~50
φ 15.88 (5/8")	60~65


Тұрбаларды байлау

1. Құбырды және дренаждық тұрбаны бүлдіріп алмас үшін, тұрбаларды қорғағыш ПВХ-таспамен мұқият байлаңыз.
2. Байлам сыртқы блоктың төменгі бөлігінен бастап ішкі блокқа қарай жүзеге асырылуы тиіс.
3. ПВХ-таспаны сенімдірек болуы үшін жабыстырғыш таспамен бекітіңіз.
4. Дренаждық тұрба суды ағызу үшін аздап төмен қарай еңкейтілуі тиіс.
5. Егер ішкі блок сыртқы блоктан төмен болса, су ішке ақпауы үшін дренаждық тұрбаны бөлек жүргізіңіз..
6. Тұрбаларды қабырғаға арнайы қапсырма көмегімен бекітіңіз (11-сурет).
7. Қабырғадағы сыртқы саңылауларды тығыздағыш резеңкенің немесе тегістегіштің көмегімен бітеп тастаңыз.



11-сурет

Вакуумдау



12-сурет

Салқындату жүйесіндегі ылғал ауа компрессор жұмысында ақаулар туғызуы мүмкін.

Монтаждау кезінде мыс түтіктерге бөлмежайдан немесе көшеден ылғал ауа жиналады. Егер оны шығармаса, ол жүйеге еніп кетеді. Нәтижесінде компрессор үлкен жүктемемен жұмыс істеп, қатты қызады.

Ылғалдың болуы жүйенің жұмысқа жарамдылығына негативті әсер етеді. Оның себебі, сплит-жүйеге құйылған фреон құрамында элементтерді іштен майлап отыруға арналған белгілі бір мөлшерде май бар. Бұл май гигроскопиялық, алайда суға қанығып алғаннан кейін ішкі элементтерін тиімді майламайды, ал бұл оларды уақытынан бұрын тозуға алып келеді. Жүйедегі ауаны вакуумдық сорғы көмегімен шығару қажет.

Сонымен қатар сізге жоғары қысымды түтік, екі манометрден тұратын топ қажет болады: жоғары және төмен қысымды (12-сурет).

Басқарушы бұрмалардағы клапандарды ашпастан, бөліп таратқышы бар кірмесіне вакуумдық сорғының құбыршегін жалғап, жабдықтарды қосыңыз. Ол 15-30 минут

жұмыс істеуі тиіс. Осы уақыт ішінде бүкіл ауаны, буларды, азот тотықтарын сорып алады. Содан соң сорғыны айырып, сорғының вентилін жабыңыз, алайда ажыратпаңыз және 15-20 минутқа тағы қалдырыңыз. Осы уақыттың ішінде манометрлердің көрсеткіштерін бақылап отыру қажет. Егер жүйе бітеу болса, манометрлердің тілдері бір орында тұрып қалып, қысымы өзгермейді. Егер тілдер өз орнын өзгертетін болса - бір жерінің тесілгені, олай болса төгілімді тоқтату қажет. Оны сабын көбігінің көмегімен тауып, қосылысты қатайтыңыз (әдетте ақау мыс түтіктердің блоктың шықпасына жалғанған орындарында болуы мүмкін). Егер бәрі жақсы болса, сорғы құбыршегін айырмастан, төмендегі клапанды толықтай бұрап босатыңыз. Жүйе ішінде дыбыстар естіледі —жүйеге фреон толтырылады. Енді вакуумдық сорғының құбыршегін тез бұрап суырыңыз. Клапаннан біраз мөлшерде мұздай суық фреон шығуы мүмкін
(бұл іс-әрекетті қолыңыз үсіп кетпес үшін, қолғап киіп орындаңыз). Содан соң клапанды үстінен толықтай бұрап суырыңыз (оған жіңішкелеу келген түтік жалғанған). Сплит-жүйені орнату аяқталды.

Электр желісіне қосу

1. Ішкі блок

Үстіңгі қақпақты ашыңыз.

Құралдан электр қалқаншасының қақпағын алыңыз. Жалғағыш қақпақтағы винтті босатыңыз. Басқыш пластинаны бөлшектеп алыңыз.

Қуаттандырғыш сым мен сигналдық сымды жалғаңыз.

Электр қалқаншаның қақпағының винтін тығыз жауып, ішкі блоктың қақпағын жабыңыз.

2. Сыртқы блок

Электр қалқаншасының қақпағын алыңыз. Жалғастырғыш сымдарды жалғаңыз. Электр қалқаншасының қақпағын бастапқы қалпына келтіріңіз.

Ескертпе

- Барлық сымдарының сенімді түрде бекітілуіне, босап кетпегеніне немесе ажырап кетпегеніне көз жеткізіңіз,

7. Болуы мүмкін ақаулар және оларды жою әдістері

1	Сплит-жүйе іске қосылмай тұр	- аша электрлік қуаттандыру розеткасына тығыз киілмеген - ҚБП-дегі батареялар қуаты түгесілген - қорғағыш іске қосылды - электр желісінің кернеуі жеткіліксіз
2	Ауа салқындамайды немесе жылымайды	- ауаны кіргізу және шығару орындары бұғатталған - температура дұрыс реттелмеген - ауа сүзгісі ластанған
3	Сплит-жүйені басқарудағы тоқтап қалулар	Үлкен кедергілер кезінде (статикалық электрліктің деңгейі өте жоғары, электрлік қуаттандыруда жаңсақтықтар кездесті) құрал іркіліп жұмыс істеуі мүмкін. Бұл жағдайда ауаны кондиционирлеу жүйесін желіден айырып, 2-3 секундтан соң қайта қосыңыз.
4	Бірден іске қосылмайды	Жұмыс кезінде режимнің өзгеруі 3 минуттан соң ғана іске қосылады
5	Жағымсыз иіс	Жұмыс кезінде сплит-жүйе жағымсыз иістерді жоя алады (мысалы, жиһаздың иісі, темекінің иісі), оны ауамен бірге үрлеп шығаруы мүмкін
6	Ағып жатырған судың шуылы	- кондиционирлеу жүйесіндегі салқындатқыш агенттің циркуляциясына байланысты және ақауы болып саналмайды - жылыту кезінде еріген дыбыстардың шығуы
7	Сыртылдаған дыбыстар	Бұл дыбыс температураның өзгеруі нәтижесінде алдыңғы панельдің кеңейіп немесе сығылуынан туындайды
8	Шығару саңылауынан ылғал бүркіледі	Ылғал бөлмежайдағы ауа салқындату режимінде немесе құрғату салқын ауаның шығарылуына байланысты салқындап кеткен кезде пайда болады
9	«ЖЫЛЫТУ» режимін іске қосу кезінде ауа бірден келіп түспейді	Сплит-жүйе жеткілікті мөлшерде жылу беруге дайын емес. 2-5 минуттай күте тұрыңыз
10	Жылыту режимі кезінде ауа жіберу 5-10 минутқа тоқтатылады	Құрал автоматты түрде еріп, сыртында булар пайда болады. Ерігеннен кейін кондиционирлеу жүйесі жұмысын автоматты түрде тоқтатады
11	ҚБП дұрыс істемей тұр	- сигнал қабылдағыш пен ҚБП арасында кедергі бар - батареялар қуатынан айрылған

8. Техникалық сипаттамалары

МОДЕЛЬ			65R07+	65R09	65R12	65R18	65R24
Қуат беру көзі		**В/Гц**	ұсынылған диапазон - 220-240 /~50, рұқсат етілетіні - 198-252 /~50				
Салқындату	Өнімділігі	**БТЕ**	9000	9000	12000	18000	24000
		Вт	2680	2750	3580	5270	7100
	Ном. қуаттылығы	**Вт**	850	860	1050	1680	2220
	Ном. ток	**А**	3.3	3.7	4.79	7.46	9.45
	EER		3.15	3.2	3.4	3.2	3.3
Жылыту	Өнімділігі	**БТЕ**	9000	9000	12000	18000	24000
		Вт	2800	2910	3760	5530	7380
	Ном. қуаттылығы	**Вт**	730	755	1000	1570	1900
	Ном. ток	**А**	2.72	3.85	4.4	7.11	8.75
	COP		3.7	3.6	3.8	3.5	3.5
Ауа циркуляциясы		**(м3/ч)**	480	500	580	950	1100
Компрессор	Типі		Роторлы	Роторлы	Роторлы	Роторлы	Роторлы
	Өндіруші		GREE	GREE	GREE	HITACHI/HIGHLY	
Салқындатқыш агент			R410A	R410A	R410A	R410A	R410A
Салқындатқыш агент құю		**г**	510	510	620	950	1100
Сұйықтық клапаны			1/4				
Газ клапаны			3/8		1/2	1/2	1/2
Шу деңгейі (ішкі блок) 1/2/3/4/5 желдеткіш жылдамдығы		**дБ(А)**	24	24	26	28	32
Ішкі блок	Габариттері (ЕхБхС)	**мм**	700x290x190	700x290x190	800x290x190	900x310x225	950x320x230
	Қаптау (ЕхБхС)	**мм**	780x375x285	780x375x285	875x375x285	955x380x290	1035x395x315
	Нетто салмағы **(кг)**		8	8	9	12	13
	Брутто салмағы **(кг)**		9	9	10	13	15
Шу деңгейі (сыртқы блок)		**дБ(А)**	49	49	51	53	54
Сыртқы блок	Габариттері (ЕхБхС)	**мм**	670x254x430	670x254x430	720x255x520	800x290x530	800x290x530
	Қаптау (ЕхБхС)	**мм**	778x342x500	778x342x500	835x360x605	905x400x630	905x400x630
	Нетто салмағы **(кг)**		21	21	28	33,5	38
	Брутто салмағы **(кг)**		23	24.5	30	39	49
Класс электрозащиты (внутр/наруж блок)		**Class**	I/I	I/I	I/I	I/I	I/I
Рабочая температура		**°C**	16...32	16...32	16...32	16...32	16...32
Рабочий диапазон температуры (охл/обогрев)		**°C**	+18...+43/ -7...+24	+18...+43/ -7...+24	+18...+43/ -7...+24	+18...+43/ -7...+24	+18...+43/ -7...+24
Класс энергоэффективности			**A**	**A**	**A**	**A**	**A**

9. Қоршаған ортаны қорғау, құралды кәдеге жарату

Қоршаған ортаны қорғау

Құралдың өзі, қаптамасы қайта пайдалануға болатын материалдардан жасалған. Мүмкіндігінше, кәдеге жарату кезінде оларды қайта пайдаланылатын материалдарға арналған контейнерге салыңыз.

Құралды кәдеге жарату

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құрал кәдімгі тұрмыстық қоқыстардан бөлек кәдеге жаратылуы тиіс. Оны қайта өңдеу үшін электронды құралдар мен электр құралдарын қабылдайтын арнайы орындарға тапсыруға болады. Материалдар жіктемесіне сәйкес қайта өңделеді. Бұл құралды қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін қайта өңдеуге тапсырсаңыз, қоршаған ортаны қорғау ісіне үлкен үлес қосасыз. Электронды құралдар мен электр құралдарын қайта өңдеуге қабылдау орындарының тізімін мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан алуыңызға болады.

10. Сертификаттау туралы ақпарат, кепілдік міндеттемелер

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға сәйкес сертификатталған. Бұл құрал Ресей Федерациясында электр құралдарына қатысты қолданылатын барлық ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.
Өндірушінің «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Федералдық заңының 5-бабының 2-тармағы тәртібімен осы бұйым үшін белгілеген қызмет ету мерзімі бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылатын жағдайда соңғы тұтынушыға сатылған күннен бастап 10 жылды құрайды. Бұйымның өндірілген күні сериялық нөмірінде көрсетілген (2 және 3 таңбалар - өндірілген жылы, 4 және 5 таңбалар - айы). Сериялық нөмірі құралдың корпусында жазулы. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды әрі қарай пайдалану жөнінде ұсынбалар алу үшін ең жақын орналасқан авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз. Кепілді және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетуді «Ларина-Сервис» ЖШҚ Краснодар қаласындағы бас сервис орталығы жүзеге асырады. Тел.: +7 (861) 991-05-42. Сіздің қалаңызда сервис орталығының бар-жоқтығын көрсетілген телефон бойынша білуіңізге болады.
Өнімнің келесідей сәйкестік сертификаты бар: 07.06.2019 ж. № ЕАЭС RU C-CN. ВЕ02.В.00760/19.

11. Өндіруші, импорттаушы туралы ақпарат

РФ аумағына импорттаушы:
«Ларина-Электроникс»ЖШҚ.
Мекенжайы: Ресей,350080,Краснодарқ.,
Демускөш.,14Тел.:+7(861)2-600-900.

EAC Өнім сертификатталған және барлық талап етілетін еуропалық және ресейлік стандарттарға сәйкес келеді.

Құрметті тұтынушы!

Барлық құралдарға кепілдік мерзімі соңғы тұтынушыға сатылған күннен бастап 36 айды құрайды. Осы кепілдік талоны арқылы өндіруші осы құралдың жарамдылығын растайды және өндірушінің кінәсінен туындайтын барлық ақауларды тегін жөндеп беру міндеттемесін өз мойнына алады.

Кепілді жөндеу ең жақын орналасқан авторландырылған орталықта жүргізілуі мүмкін. Тізімі www.newtek-air.ru сайтында көрсетіледі.

Кепілді қызмет көрсету шарттары

1. Кепілдік келесі рәсімдеу шарттарын ұстанғанда әрекет етеді:
   • өндірушінің бірегей кепілді талонында өндіруші модель атауын, оның сериялық нөмірін, сатылған күнін көрсете отырып, сатушы фирма өкілінің қолы қойылып, әр жыртылмалы талонда мөрлер қойылып, өндірушінің түпнұсқа кепілдік талоны дұрыс және анық толтырылған болса.
   Өндіруші жоғарыда көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда немесе олардағы ақпарат толық емес, анық емес, қарама-қайшы болатын болса, кепілді қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
2. Кепілдік келесі пайдалану шарттарын ұстанғанда әрекет етеді:
   • құралды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте пайдаланған жағдайда;
   • қауіпсіздік ережелері мен талаптары сақталғанда.
3. Кепілдікке құралға мерзімдік қызмет көрсету, оны тазалау, сатып алушының үйінде орнату, реттемелеу енгізілмейді.
4. Кепілдік берілмейтін жағдайлар:
   • механикалық зақымдалулар;
   • құралдың табиғи тозуы;
   • пайдалану шарттарының сақталмауы немесе иесінің қате әрекеттері;
   • дұрыс орнатылмауы,
   дұрыс тасымалданбауы;
   • табиғи апаттар (найзағай, өрт, су тасқыны, т.б.), сондай-ақ сатушы мен дайындаушының бақылауынан тыс өзге де себептер;
   • құралдың ішіне бөгде нәрселердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуі;
   • уәкілетті емес тұлғалардың конструкциялық өзгерістер енгізуі немесе жөндеуі;
   • құралдың кәсіби мақсаттарда пайдаланылуы
   (жүктеме тұрмыстық қолдану деңгейінен
   асып кеткенде), құралдың Мемлекеттік Техникалық Стандарттарға сәйкес келмейтін телекоммуникация және кабель желілеріне қосылуы;
   • егер ауыстыру конструкцияда қарастырылған
   болса және
   бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса, бұйымның
   төменде көрсетілген керек-жарақтарының істен шығуы:
   а) қашықтан басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуат беру элементтері (батарейкалар), сыртқы қуат беру блоктары және қуаттандыру құрылғылары.
   б) шығыс материалдары мен аксессуарлар (қаптама, қаптар, белдіктер, сөмкелер, торлар, пышақтар, колбалар, тәрелкелер, түпқоймалар, сүзгі торы, айналдырғыштар, құбыршектер, түтіктер, щеткалар, қондырмалар, шаң жинағыштар, сүзгілер, иіс сіңіргіштер).
   • батарейкалармен жұмыс істейтін құралдар үшін -
   сәйкес келмейтін немесе түгесілген батарейкалармен жұмыс;
   • аккумулятормен жұмыс істейтін құралдарүшін-қуаттандыруережелерінің бұзылуы және аккумулятордың дұрыс қуаттандырылмауынан туындаған кез келген бұзылулар.

5. Бұл кепілдікті дайындаушы қолданыстағы заңнамада белгіленген құқықтарына қосымша түрде ұсынады және ешбір жағдайда оларды шектемейді.
6. Өндіруші «Newtek» СМ өнімдерінің адамдарға, үй жануарларына, тұтынушылардың немесе өзге үшінші тұлғалардың мүлкіне бұйымды пайдалану, орнату ережелері мен шарттарының сақталмауы нәтижесінде, тұтынушының және/немесе өзге үшінші тұлғалардың қасақана және/немесе абайсыз әрекеттері(әрекетсіздіктері), еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан тигізуі мүмкін тікелей немесе жанама залалы үшін жауап бермейді.
7. Сервис орталығына жүгінген жағдайда бұйым таза күйінде қабылданады (құралда азық-түлік өнімдерінің, шаң-тозаң және өзге ластың іздері болмауы тиіс).

Өндіруші құралдың сипаттамалары мен дизайнын алдын-ала хабарламастан өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Осы бұйым үшін белгіленген қызмет ету мерзімі бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылатын жағдайда соңғы тұтынушыға сатылған күннен бастап 10 жылды құрайды. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды әрі қарай пайдалану жөнінде ұсынбалар алу үшін авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз.

Бұйымның өндірілген күні сериялық нөмірінде көрсетілген (2 және 3 таңбалар - өндірілген жылы, 4 және 5 таңбалар - айы). Сериялық нөмірі құралдың корпусында жазулы.

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

www.newtek-air.ru